

## Спирттің барлық түрлерінің ауысуына бақылау жасаудың тәртібі

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті 1997 жылғы 30 қаңтар N 29. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 266. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 643 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Салық салу саласындағы ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді Конституциямен, Қазақстан Республикасының заң актілерімен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Күші жойылған деп танылсын:

3) "Спирттің барлық түрлерін өткізуді бақылау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті Төрағасының 1997-жылғы 6-ақпандағы N 29 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1997-жылы 28-ақпанда N 266 тіркелген)...

Төраға

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
30.01.1997 ж. N 12-2-4/685	30.01. 1997ж. N 01-дж/223	30.01.1997 ж.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 қаңтардағы N 68 P970068 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында спирттің барлық түрлерін тасымалдау кезінде шығынға және ұрлыққа жол бермеу сонымен бірге, акциздеуге жататын өнімдерді шығару мен сатудан бюджетке түсетін қаржыларға бақылауды күшейту мақсатында, Мемлекеттік салық комитеті, Мемлекеттік кеден комитеті және Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының аумағында спирттің барлық түрлерінің өндірілуі мен бақылауынан мынадай тәртібін бекітеді.

1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасының барлық аумағында спиртті өндірудің және оның айналымының жарияланған міндеттемелері енгізіледі.

Жарияламада өндірілген спирт және оның айналымы жайында мыналар көрсетіледі .

спиртті өндірушілер :

- лицензияның сериясы мен реттік саны, оны алған уақыты;
- өндірілген спирттің көлемі;
- жіберілген спирттің көлемі (оның ішінде кеден жарияламасы және Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткен уақыты көрсетіліп экспортқа жіберілгені) ;
- алушының реквизиттері (лицензияның сериясы мен реттік саны, алынған уақыты) ;

- спирт шығының көлемі мен жіберілген бағыты;
- Есепті уақыттың басы мен соңындағы спирттің қалдығы.

спиртті алушылар :

- лицензияның сериясы мен реттік саны, оны алған уақыты;
- алынған спирттің көлемі;
- спиртті алатын көздер-берушілердің реквизиттері (лицензиялардың сериясы мен реттік саны, алынған уақыты, тауар-көлік құжаттарының реттік саны, импорттан келген спирт үшін кеден жарияламасы);
- спиртті алатын көздер-берушілердің реквизиттері (лицензиялардың сериясы мен реттік саны, алынған уақыты, тауар-көлік құжаттарының реттік саны, импорттан келген спирт үшін кеден жарияламасы);
- шығыс етілген спирттің көлемі және қайда жіберілгендігі;
- есепті уақыттың басы мен соңындағы спирттің қалдығы.

спиртті тапсырушылар -

- лицензияның сериясы мен реттік саны, оны алған уақыты;
- алынған спирттің көлемі;
- спирттің келетін көздері, тапсырушылардың реквизиттері (лицензиялардың сериясы мен реттік саны, алынған уақыты, тауар-көлік құжаттарының реттік саны, импорт бойынша-кеден жарияламасы);
- шығыс етілген спирттің көлемі (оның ішінде кеден жарияламасы және Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткен уақыты көрсетіліп экспортқа жіберілгені) ;
- алушылардың реквизиттері (лицензиялардың сериясы мен реттік саны, алынған уақыты, тауар-көлік құжаттарының реттік саны);
- есепті уақыттың басы мен соңындағы спирттің қалдығы.

спирттің көлемі нақты көрсеткіштерімен акциздердің сомасы көрсетіліп ( декалитр есебімен) және бағамдалуымен (көтерме сауда бағасымен) жарияланады .

Спиртті шығарушылар мен алушылардың барлығы салық төлеуші тіркелген

жер бойынша салық органдарына, ұсынылған форма үлгісімен (1, 2 және 3 қосымшалар) өсім қорытындысы және тұтас жыл бойынша жариялама (декларация) ай аяқталған соң 10 күн мерзімнің ішінде беріледі.

Кәсіпорындар жариялама тапсырған кезде салық органдары акциздерде көрсетілген посттардың мәліметтеріне сәйкес алынған және алкоголь өнімдерін өндіруге еткен спирттің көлемі немесе басқа ұйымдарға сатылған көрсетілген жарияламадағы мәліметтерді сыртқа сатылған спирттің акцизінің төленгендігіне көңіл аударып отырып анықтауға тиіс.

Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігіне теміржол көлігі бойынша тасымалданатын спирттің барлық түрлерінің тәулік сайын теміржол басқармасына берілуін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен келісе отырып қамтамасыз етуге тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасының тапсырылатын кеден органдарына дейінгі спирттің тапсырылуын бақылау Қазақстан Республикасы кеден комитетінің қолданымдағы нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі. Кеден органдары (белгілеу, жіберу) тиісті салық органдарына импортердің (экспортердің) спирттің барлық түрлеріне қатысты хатталған кеден-жүк жарияламасының көшірмесін күн сайын тапсырып отырады.

Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы жылжитын импортқа шығарылатын спирттің, алкогольдің, темекі өнімдері мен сыраның барлық түрлері Мемлекеттік кеден комитетінің жинақталған хабарында, әр айдың онына дейін тұтынушыға жеткенше жылжуы үшін белгіленген форма бойынша (қосымша 4) Мемлекеттік салық комитетіне жинақталған хабар беріліп отырады.

Осы тәртіптің талаптарын орындамай спирт өндіріп оны айналымға шығарған заңды және жеке тұлғалар қолданымдағы заңдарға сәйкес жауапқа тартылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің Төрағасы	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетінің Төрағасы	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар Министрі
--	--	---